7.2.2. Банкте Аударымның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, заңсыз әрекеттер жасау мақсатында немесе Шарт талаптарын бұзу арқылы жүргізіліп жатқандығы туралы күмән болатын жағдайда, Аударым туралы өкімді қабылдаудан бас тарту;	7.2.2. отказать в принятии Распоряжения о переводе в случае, если у Банка возникают подозрения о том, что Перевод осуществляется в целях легализации (отмывания) доходов, полученных преступным путем, и финансирования терроризма, в целях осуществления предпринимательской деятельности, в целях совершения противоправных действий, или с нарушением условий Договора;
7.2.3. Клиент Эмитент банктегі Аударым сомасын қамтамасыз ету үшін Банк пайдасына жасалған ақшаны есептен шығару операциясына қатысты дауласатын жағдайда, дауласу туралы ақпаратты алғаннан кейін Банк Клиентке қайтару үшін Эмитент банкке Аударым сомасындағы ақшаны қайтаруға және Шартты тоқтатуға құқылы болады.	7.2.3. в случае если Клиент оспаривает операцию списания денег в пользу Банка для обеспечения суммы Перевода в Банке-эмитенте, после получения информации об оспаривании Банк вправе вернуть деньги Банку-эмитенту в сумме Перевода для возврата Клиенту и прекратить действие Договора.
8. Клиенттің құқықтары мен міндеттері	8. Права и обязанности Клиента
8.1. Клиенттің құқықтары:	8.1. Клиент вправе:
8.1.1. Шартта белгіленген тәртіпте Алушының деректемелерін өзгерту/Аударымды қайтару;	8.1.1. изменить данные Получателя/возвратить Перевод в порядке, установленном Договором;
8.1.2. Банктің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы/тиісті түрде орындамауына байланысты Шарттың 10 бөліміне сәйкес Банкке шағым білдіру;	8.1.2. предъявлять Банку претензии в соответствии с разделом 10 Договора в связи с неисполнением/неадекватным исполнением Банком обязательств по Договору;
8.1.3. төмендегі әдістердің бірі арқылы Аударым нөмірін қалпына келтіру:	8.1.3. восстановить Номер Перевода одним из следующих способов:
8.1.3.1. Клиенттің Шарт жасау кезінде көрсетілген ұялы телефон нөмірінен Ақпарат орталығына хабарласу арқылы. Аударымның нөмірі ұялы телефонның көрсетілген абоненттік нөмірі бойынша SMS-хабарлама түрінде қайтадан жіберілетін болады;	8.1.3.1. обратившись в Информационный центр с номера мобильного телефона Клиента, указанного при заключении Договора. Номер Перевода будет повторно направлен в виде SMS-сообщения по указанному абонентскому номеру мобильного телефона;
8.1.3.2. Банкке жазбаша өтінішпен жүгіну арқылы.	8.1.3.2. обратившись в Банк с письменным заявлением.
8.2. Клиенттің міндеттері:	8.2. Клиент обязан:
8.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Төлем жасау;	8.2.1. вносить Плату в соответствии с условиями

	Договора;
8.2.2. Шартты жасау және орындау барысында Банкке ұсынылған барлық мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік алу. Клиент дұрыс ақпарат бермеген жағдайда, Клиент өз бетімен және толық көлемде осындай ақпараттың берілгендігі үшін кез келген теріс салдарлардың туындау қаупі үшін жауапты болады. Банкке Клиенттің қате мәліметтер ұсынғандығы белгілі болатын жағдайда, ол Шартты соттан тыс біржақты тәртіпте бұзуға құқылы болады;	8.2.2. нести ответственность за достоверность всех сведений, предоставленных Банку при заключении и исполнении Договора. В случае предоставления Клиентом недостоверной информации, Клиент самостоятельно и в полном объеме несет риск наступления любых негативных последствий предоставления такой информации. В случае если Банку станет известно о том, что Клиент предоставил недостоверные сведения, он вправе в одностороннем внесудебном порядке расторгнуть Договор;
8.2.3. Аударымды Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған мақсаттарда ғана және төмендегі шектеулерді сақтай отырып жүзеге асыру:	8.2.3. осуществлять Перевод только в целях, не запрещенных законодательством Республики Казахстан и с соблюдением следующих ограничений сумм Перевода:
8.2.3.1. Аударым бойынша 1 (бір) операцияның ең жоғары сомасы 2 500 (екі мың бес жүз) АҚШ долларынан (ҚР ҰБ бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеу бойынша) аспауы тиіс;	8.2.3.1. максимальная сумма 1 (одной) операции по Переводу не может превышать 2 500 (двух тысяч пятисот) долларов США (в пересчете в национальную валюту Республики Казахстан по курсу НБ РК);
8.2.3.2. Аударым бойынша 1 (бір) күннің ішіндегі 2 (екі) операцияның ең жоғары сомасы 5 000 (бес мың) АҚШ долларынан (ҚР ҰБ бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеу бойынша) аспауы тиіс;	8.2.3.2. максимальная сумма 2 (двух) операций по Переводу в течение 1 (одного) дня не может превышать 5 000 (пяти тысяч) долларов США (в пересчете в национальную валюту Республики Казахстан по курсу НБ РК);
8.2.3.3. Аударым бойынша қатарынан 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішіндегі 3 (үш) операцияның ең жоғары сомасы 7 500 (жеті мың бес жүз) АҚШ долларынан (ҚР ҰБ бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеу бойынша) аспауы тиіс;	8.2.3.3. максимальная сумма 3 (трех) операций по Переводу в течение 7 (семи) календарных дней подряд не может превышать 7 500 (семи тысяч пятисот) долларов США (в пересчете в национальную валюту Республики Казахстан по курсу НБ РК);
8.2.3.4. Аударым бойынша қатарынан 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішіндегі 10 (он) операцияның ең жоғары сомасы 15 000 (он бес мың) АҚШ долларынан (ҚР ҰБ бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеу бойынша) аспауы тиіс;	8.2.3.4. максимальная сумма 10 (десяти) операций по Переводу в течение 30 (тридцати) календарных дней подряд не может превышать 15 000 (пятнадцати тысяч) долларов США (в пересчете в национальную валюту Республики Казахстан по курсу НБ РК);
8.2.3.5. Аударымның ең төменгі сомасы 5 000 (бес мың) теңгені құрайды;	8.2.3.5. минимальная сумма Перевода составляет 5 000 (пять тысяч) тенге;
8.2.4. Банк кез келген уақытта Клиенттен сұратуға құқылы, ал Клиент Банкке Клиенттің Банкке хабарлаған мәліметтерін растайтын маңызды құжаттарды ұсынуға міндетті;	8.2.4. Банк вправе в любой момент запросить у Клиента, а Клиент обязан предоставить Банку актуальные документы, подтверждающие сведения, сообщенные Клиентом Банку;
8.2.5. Алушыға Аударым туралы (оның сомасы, Аударым нөмірі, алу мерзімдері, Аударымды беру орындарының мекенжайлары) хабарлау;	8.2.5. уведомить Получателя о Переводe (его сумме, Номере Перевода, сроках получения, адресах Пунктов выдачи перевода);
8.2.6. Алушыны қоспағанда, басқа үшінші тұлғаларға Аударым нөмірі туралы ақпаратты жарияламау;	8.2.6. не разглашать информацию о Номере Перевода третьим лицам, кроме Получателя;
8.2.7. төмендегі кеңестерді сақтау:	8.2.7. соблюдать следующие рекомендации:
8.2.7.1. операция жүргізу үшін бөтен Құрылғыларды пайдаланбау (әсіресе интернет-кафеде және көпшілікке қолжетімді Құрылғылар);	8.2.7.1. не использовать для совершения операций чужие Устройства (особенно в интернет-кафе и Устройства общего доступа);
8.2.7.2. Құрылғыға антивирустық бағдарлама орнату және оны дер кезінде жаңартып отыру, операциялық жүйені тұрақты түрде жаңарту;	8.2.7.2. установить на Устройство и своевременно обновлять антивирусные программы, регулярно обновлять операционную систему;
8.2.7.3. операциялардың Сайтта жасалып жатқандығын тексеру, себебі мүлдем басқа (алаяқтық) сайтқа, соның ішінде ұқсас сайтқа қайта жөнелту үшін жуық домендік аттардың қолданылуы мүмкін;	8.2.7.3. проверять, что операции совершаются именно на Сайте, т.к. возможно использование схожих доменных имен для переадресации на совершенно другой (мошеннический) сайт, в т.ч. сайт-двойник;

8.2.7.4. Сайт немесе Мобильді қосымшаға деректерді ақпараттың қорғалған байланыс бойынша беріліп жатқандығына (бұл жағдайда «құлыптың» белгісі көрініп, ал интернет-сайттың мекенжайы міндетті түрде https:// префиксінен басталатын болады) көз жеткізу арқылы ғана жүргізу;	8.2.7.4. осуществлять ввод данных на Сайте или Мобильном приложении только убедившись, что информация передается по защищенному соединению (в этом случае будет визуализирован значок «замка», а адрес интернет-сайта в обязательном порядке будет начинаться с префикса https://);
8.2.7.5. Құрылғыда тек лицензиялық бағдарламалық қамсыздандыруды ғана қолдану;	8.2.7.5. использовать на Устройстве только лицензионное программное обеспечение;
8.2.7.6. Мобильді қосымшаны белгісіз дереккөздерден емес, тек «ЗОЛОТАЯ КОРОНА» ЖАҚ-тан Google Play және AppStore сияқты ресми интернет-дүкендер арқылы ғана орнату. Клиентке басқа дереккөздерден немесе өзге де таратушылардан Мобильді қосымша немесе онымен байланысты бағдарлама ретінде ұсынылатын кез келген бағдарламалық қамсыздандыруды орнату туралы ұсыныс түскен жағдайда – Клиентке мұндай дерек көзімен жұмысты дереу тоқтату және болған жағдай туралы Ақпараттық орталығына хабарлау қажет;	8.2.7.6. не устанавливать Мобильное приложение из неизвестных источников, а только через официальные интернет-магазины: Google Play и AppStore от ЗАО «ЗОЛОТАЯ КОРОНА». В случае получения Клиентом предложения об установке любого программного обеспечения, якобы являющегося Мобильным приложением или связанного с ним, из иных источников или от других распространителей, - Клиенту необходимо незамедлительно прекратить работу с таким источником и сообщить о произошедшем в Информационный центр;
8.2.7.7. Құрылғысын үшінші тұлғаларға бермеу;	8.2.7.7. не передавать Устройство третьим лицам;
8.2.7.8. Құрылғыны тежеудің сандық, графикалық және өзге де кодын орнату (болатын болса);	8.2.7.8. установить цифровой, графический или иной код блокировки Устройства (при наличии);
8.2.7.9. Жеке кабинетке кіруге арналған Бір реттік құпия парольдердің құпиялылығын қамтамасыз ету, соның ішінде Бір реттік құпия парольдерді үшінші тұлғаларға жарияламау, Клиенттің ұялы телефонының абоненттік нөмірін үшінші тұлғалардың пайдалануына мүмкіндік бермеу.	8.2.7.9. обеспечивать конфиденциальность Разовых секретных паролей для доступа к Личному кабинету, в том числе не разглашать Разовые секретные пароли третьим лицам, обеспечивать невозможность использования абонентского номера мобильного телефона Клиента третьими лицами.
9. Тараптардың жауапкершілігі	9. Ответственность Сторон
9.1. Клиент өзінің Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалмауы немесе тиісті түрде орындалмауы нәтижесінде туындайтын кез келген шығындар немесе өзге де теріс салдарлары үшін дербес жауапкершілік алады.	9.1. Клиент самостоятельно несет ответственность за любые убытки или иные негативные последствия, возникающие у него в результате неисполнения или ненадлежащего исполнения Клиентом обязанностей по Договору.
9.2. Банк Клиенттің шығындары, сондай-ақ Клиент тарапынан жасалған теріс ниет немесе қателіктің салдарынан, сонымен бірге Клиенттің Шартта қарастырылған кеңестер мен талаптарды орындамауы нәтижесінде туындайтын өзге де салдарлар үшін жауапты болмайды.	9.2. Банк не несет ответственности за убытки Клиента, а также иные последствия, возникшие вследствие умысла либо ошибки со стороны Клиента, а также неисполнения Клиентом рекомендаций и требований, предусмотренных Договором.
9.3. Аударым нөмірі Клиент пен Алушыдан бөлек үшінші тұлғаларға мәлім болған, соның нәтижесінде Аударымды үшінші тұлға алған жағдайда, Банк жауапкершілік алмайды.	9.3. Банк не несет ответственности, в случае если Номер Перевода стал известен третьим лицам, помимо Клиента и Получателя, в результате чего Перевод получило третье лицо.
9.4. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісті түрде орындалмауы Тараптардың ешқайсысы алдын ала болжай алмаған және алдын ала алмаған тежеусіз күш жағдайларының салдарынан орын алса, Тараптар Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті түрде орындалмағаны үшін жауапкершілік көтермейді. Шарттың мақсаттары үшін тежеусіз күш жағдайларына Тараптар жер сілкінісі, су басу, өрт, боран, дауылды жел, торнадо, табиғи және техногенді сипаттағы апаттар, соғыстар, көтерілістер, ереуілдер, революциялар, тәртіпсіздіктер, толқулар, ұлт меншігіне айналдыру, мемлекеттік қажеттіліктер үшін алымдар, орындау үшін нормативтік құқықтық немесе басқа да міндетті актілердің шығуы,	9.4. Ни одна из Сторон не несет ответственность за неисполнение либо ненадлежащее исполнение каких-либо обязательств по Договору, если такое неисполнение или ненадлежащее исполнение вызвано обстоятельствами непреодолимой силы, которые Сторона не могла ни предвидеть, ни предотвратить разумными мерами. Для целей Договора, к обстоятельствам непреодолимой силы Стороны относят, включая, но не ограничиваясь: землетрясения, наводнения, пожары, бураны, ураганный ветер, торнадо, катаклизмы природного или техногенного характера, войны, восстания, мятежи, революции, беспорядки, волнения, национализации, изъятия для государственных нужд, издания нормативных правовых или иных обязательных к исполнению актов, падение

<p>спутниктер, зымыран тасымалдағыштар, отын бактары мен олардың қалдықтарын қоса алғанда ұшу аппараттарының құлауы, метеориттердің құлауы, найзағайлар, Тараптардың қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қылмыстық іс-әрекеттерін, орталық, ұлттық және басқа банктердің электронды жүйелері/желілеріндегі іркілістер, сондай-ақ банктерге төлемдерді жүзеге асыруға жол бермейтін өзге де жағдайлар, сонымен бірге табиғи жағдайлар, техникалық олқылықтар, бас көтерулер, ереуілдер мен басқа да осыған ұқсас оқиғалар, кәсіподақ ұйымдарының шешімдері, әуе тасымалдаушылар, автокөлік, теміржол тасымалдаушылары мен өзге де қызмет жеткізушілерінің өз жұмыстарын мерзімінде орындауына кедергі келтіретін жағдайларын жатқызады. Тараптардың, олардың уәкілетті тұлғаларының, қызметкерлерінің, агенттерінің, сондай-ақ үлестес тұлғаларының салғырттығы немесе кінәсі салдарынан туындаған кез келген іс-әрекеттер тежеусіз күш жағдайлары болып табылмайды.</p>	<p>летательных аппаратов, включая спутники, ракетоносители, топливные баки и их обломки, падение метеоритов, молнии, включая шаровые, и преступные действия лиц, не являющихся работниками Банка, а также сбои, критические ошибки в электронных системах/сетях центральных, национальных и иных банков, иные обстоятельства, не дающие банкам осуществлять платежи, а также погодные условия, технические неисправности, забастовки, стачки и иные подобные события, решения профессиональных союзов, не позволяющие авиаперевозчикам, автомобильным, железнодорожным перевозчикам, иным поставщикам услуг своевременно исполнять обязательства. Обстоятельствами непреодолимой силы не являются любые действия, вызванные небрежностью или виной Сторон, их уполномоченных лиц, работников, агентов, а также аффилированных лиц.</p>
<p>9.5. Тежеусіз күш жағдайы орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде оған тап болған Тарап екінші Тарапқа Шарттың талаптарына сәйкес әрекет ете алмауының себебі туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Егер Тарап екінші Тарапқа Шарттың ережелерін орындау мүмкінсіздігі немесе осы баппен белгіленгендей міндеттемелердің тежеусіз күш жағдайларының салдарынан кешіктіріліп орындалатындығы туралы хабарламаса, мұндай Тарап тежеусіз күш салдарынан екінші Тарапқа хабарлама жіберу мүмкінсіздігіне тап болған жағдайды қоспағанда, ол осы бапта қарастырылған құқықты жоғалтады. Екінші Тарап міндеттемелердің орындалмауы немесе кешігіп орындалуын бұзушылық ретінде қарастырып, Шарттың ережелеріне сәйкес әрекет ете алады.</p>	<p>9.5. В течение 5 (пяти) рабочих дней со дня наступления обстоятельств непреодолимой силы, вовлеченная Сторона должна письменно уведомить другую Сторону о причине своей невозможности действовать в соответствии с положениями Договора. Если Сторона не уведомила другую Сторону о своей невозможности выполнять положения Договора или о задержке в исполнении по причине наступления обстоятельств непреодолимой силы, как установлено настоящей статьей, она теряет право, оговоренное настоящей статьей, за исключением случаев, когда для такой Стороны в результате обстоятельств непреодолимой силы стало невозможным послать уведомление другой Стороне. Другая Сторона может рассматривать невыполнение или задержку в исполнении обязательств как нарушение и действовать в соответствии с положениями Договора.</p>
<p>9.6. Жалпыға белгілі сипатқа ие тежеусіз күш жағдайлары қосымша дәлелдер немесе хабарларды талап етпейді. Барлық басқа да тежеусіз күш жағдайларына қатысты дәлелдер мүдделі Тараппен ұсынылады.</p>	<p>9.6. Обстоятельства непреодолимой силы, носящие общеизвестный характер, дополнительных доказательств или сообщений не требуют. Доказательства в отношении всех иных обстоятельств непреодолимой силы представляются заинтересованной Стороной.</p>
<p>9.7. Тежеусіз күш жағдайлары тоқтағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде оған тап болған Тарап екінші Тарапқа аталған айғақ туралы жазбаша түрде хабарлауға және Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қалпына келтіруге міндетті.</p>	<p>9.7. В течение 5 (пяти) рабочих дней после прекращения обстоятельств непреодолимой силы вовлеченная в него Сторона должна письменно уведомить другую Сторону о данном факте и должна возобновить исполнение своих обязательств по Договору.</p>
<p>9.8. Тежеусіз күш жағдайлары олар туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік артық уақытқа созылған жағдайда, Тараптар егер бұл Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, өзара келісім негізінде Шарттың әрекет етуін тоқтатуға құқылы болады, бұл жағдайда мүдделі Тарап бұл туралы екінші Тарапқа Шартты тоқтатудан 14 (он төрт) күнтізбелік күн бұрын хабарлайды.</p>	<p>9.8. В случае если обстоятельства непреодолимой силы продолжаются более 30 (тридцати) календарных дней после их наступления, Стороны вправе прекратить действие Договора по взаимному согласию, если это не противоречит законодательству Республики Казахстан, при этом заинтересованная Сторона письменно уведомляет об этом другую Сторону не позднее, чем за 14 (четырнадцать) календарных дней до такого прекращения.</p>

10. Наразылықтар/өтініштер беру және қарастыру тәртібі	10. Порядок предъявления и рассмотрения претензий/заявлений
<p>10.1. Шарттан немесе оған байланысты туындайтын барлық дауларды Тараптар наразылық жіберу арқылы сотқа дейінгі тәртіте шешеді. Дауды наразылық білдіру арқылы реттеу мүмкін болмайтын жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың қарауына беріледі.</p>	<p>10.1. Все споры, возникающие из Договора или в связи с ним, разрешаются Сторонами в досудебном порядке путем направления претензии. В случае невозможности урегулирования спора в претензионном порядке, спор передается на рассмотрение в суд в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>10.2. Наразылық/өтініш беру үшін Клиент Банктің Шарттың 13 бөлімінде немесе www.atfbank.kz интернет-сайтында (тиісті қосымша бет) көрсетілген пошталық мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді. Наразылық/өтініштер Клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (болатын болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері және Клиенттің тұратын (тіркелген) мекенжайы немесе келген жерін, сондай-ақ жауап жіберуге арналған пошталық/электронды мекенжайды және Клиенттің ұялы телефонының байланыс абоненттік нөмірін көрсету арқылы жазбаша нысанда ресімделуі керек, Клиенттің қолы өз қолымен қойылуы тиіс, сонымен бірге наразылықтың/өтініштің мазмұнын растайтын өзге де құжаттармен бірге берілуі тиіс, олай болмайтын жағдайда Клиенттің наразылығын/өтінішін қарастыру деректердің жеткіліксіздігі себебінен қиындауы немесе қаралмауы мүмкін.</p> <p>Сондай-ақ наразылық/өтінішпен бірге Эмитент банктің шот бойынша үзіндісі (түпнұсқа) қоса берілуі керек, онда PAN Карточкалар, Клиент туралы ақпарат (тегі, аты, әкесінің аты (болатын болса), Аударым сомасын қамтамасыз ету үшін Банктің пайдасына ақшаны есептен шығару операциясы туралы деректер (операцияның сомасы, күні мен жасалған уақыты, операцияның сипаттамасы), сондай-ақ Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса берілуі қажет.</p> <p>Клиент ақшаны Клиенттің Эмитент банкте ашылған банктік шотына қайтару туралы өтініш жіберген жағдайда, Клиент Клиенттің банктік шотының деректемелерін ұсынады. Банк Клиенттен оның ұсынған құжаттарының нотариалды куәландырылған құжаттарының көшірмелерін өткізуін талап етуге құқылы болады.</p>	<p>10.2. Для подачи претензии/заявления Клиент направляет претензию/заявление почтовым отправлением по почтовому адресу Банка, указанному в разделе 13 Договора, или на интернет-сайте www.atfbank.kz (в соответствующей вкладке). Претензии/заявления должны быть оформлены в письменном виде с указанием фамилии, имени, отчества (при наличии), данных документа, удостоверяющего личность, и адреса места жительства (регистрации) или места пребывания Клиента, а также почтовый/электронный адрес для направления ответа и контактный абонентский номер мобильного телефона Клиента, содержать собственноручную подпись Клиента, а также иные документы, подтверждающие содержание претензии/заявления, в противном случае рассмотрение претензии/заявления Клиента по причине недостаточности данных может быть затруднено или невозможно.</p> <p>К претензии/заявлению также должна быть приложена выписка по счету (оригинал) Банка-эмитента, содержащая PAN Карточки, информацию о Клиенте (фамилию, имя, отчество (при наличии)), данные об операции списания денег в пользу Банка для обеспечения суммы Перевода (сумму, дату и время совершения, описание операции), а также копия документа, удостоверяющего личность Клиента.</p> <p>При направлении Клиентом заявлений о возврате денег на банковский счет Клиента, открытый в Банке-эмитенте, Клиент предоставляет реквизиты банковского счета Клиента. Банк вправе затребовать от Клиента предоставления нотариально засвидетельствованных копий предоставляемых им документов.</p>
<p>10.3. Банк даудың мәніне қарай оны қарастыру мерзімін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын, ХТЖ талаптары мен «Золотая корона» төлем жүйесінің талаптарын басшылыққа ала отырып, өз бетінше анықтайды.</p>	<p>10.3. Банк в зависимости от существа спора самостоятельно определяет срок его рассмотрения, с учетом требований законодательства Республики Казахстан, требованиями МПС и правилами Платежной системы «Золотая Корона».</p>
<p>10.4. Клиенттің наразылығы негізді болып танылған жағдайда, Банк туындаған жағдайды реттеу мақсатында қажетті әрекеттерді орындайды.</p>	<p>10.4. В случае признания претензии Клиента обоснованной, Банк производит необходимые действия для урегулирования возникшей ситуации.</p>
<p>10.5. Клиенттің наразылығы негізсіз болып танылған жағдайда, Клиент Банкке ұсынылған наразылықты қарастырумен байланысты барлық шығындарды өтеп береді.</p>	<p>10.5. В случае признания претензии Клиента необоснованной, Клиент возмещает Банку все расходы, связанные с рассмотрением предъявленной претензии.</p>
11. Шарттың қолданыс мерзімі	11. Срок действия Договора
<p>11.1. Шарт бір Аударымға қатысты әрекет етеді және Клиент Шартта қарастырылған тәртіпте Шартқа қосылған уақыттан бастап күшіне енеді.</p>	<p>11.1. Договор действует в отношении одного Перевода и вступает в силу с момента присоединения Клиента к Договору в порядке, предусмотренном Договором.</p>

<p>11.2. Шарт олар Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес деректерді өңдеу бойынша рұқсатты кері қайтарып алған уақытқа дейін әрекет ететін Шарттың 2.4. және 12.7. тармақтарын қоспағанда, Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толығымен және тиісті түрде орындағанға дейін қолданыста болады.</p>	<p>11.2. Договор действует до полного и надлежащего исполнения Сторонами своих обязательств по нему, за исключением пунктов 2.4. и 12.7. Договора, которые действуют до момента отзыва Клиентом разрешения на обработку данных в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>11.3. Алушы (немесе Клиенттің өзі) Аударымды Аударым жіберілген күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде алуы тиіс. Талап етілмеген (берілмеген) Аударымдар «Золотая корона» төлем жүйесінде Аударым жіберілген күннен бастап 3 (үш) жыл бойы сақталады. Аударымды жасай отырып, Клиент соған сәйкес көрсетілген мерзім өткеннен кейін талап етілмеген (берілмеген) Аударым ЕБЕКҰ кірісіне есепке алынатын тәртіппен таныс екендігін растайды.</p>	<p>11.3. Перевод должен быть получен Получателем (либо самим Клиентом) в течение 3 (трех) лет с даты отправки Перевода. Невостребованные (невыводные) Переводы хранятся в Платежной системе «Золотая Корона» в течение 3 (трех) лет, начиная с даты отправки Перевода. Иницилируя Перевод, Клиент подтверждает, что ознакомлен с порядком, в соответствии с которым после истечения указанного срока невостребованный (невыводный) Перевод зачисляется в доход РНКО.</p>
<p>12. Басқа да талаптар</p>	<p>12. Прочие Условия</p>
<p>12.1. Шарттың тұтастығы. Шарт Тараптардың Шарттың мәнімен байланысты толықтай өзара түсіністігін білдіреді және Тараптар арасында Шарттың талаптарына қатысты осының алдындағы барлық ауызша немесе жазбаша келісімдердің орнын басады.</p>	<p>12.1. Целостность Договора. Договор представляет собой полное взаимопонимание Сторон в связи с его предметом, и заменяет собой все предыдущие письменные или устные соглашения или договоренности, имевшиеся между Сторонами в отношении условий Договора.</p>
<p>12.2. Шарттың бөлінгіштігі. Шарттың қандай да бір ережесінің күші жойылып, жарамсыз немесе заңсыз болып қалса, бұл Шарттың басқа ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына қандай да бір әсерін тигізбеуі немесе оларды әлсіретпеуі тиіс. Мұндай жағдайларда Тараптар жарамсыз ережені заң тұрғысынан маңызды болып табылатын жаңасына ауыстыруға бар күшін салады.</p>	<p>12.2. Делимость Договора. Если какое-либо положение Договора утратит силу, станет недействительным или незаконным, это не должно каким-либо образом повлиять или ослабить действительность и законность остальных положений Договора. В таких случаях Стороны приложат все усилия для замены недействительного положения новым юридически значимым.</p>
<p>12.3. Құқықтардан бас тартудың жарамсыздығы. Егер Тараптардың біреуі Шарт бойынша құқықтардың кез келгенін қолданбаса немесе мерзімінде қолданбаса, бұл Шартта арнайы қарастырылған жағдайларды қоспағанда, құқықтардан бас тарту ретінде бағаланбауы керек және Тараптардың құқықтарына ықпал етпеуі керек.</p>	<p>12.3. Недействительность отказа от прав. Если одна из Сторон не использует или несвоевременно использует любое из прав по Договору, это не должно расцениваться как отказ от таких прав, кроме случаев, специально оговоренных в Договоре, и не должно влиять на права Стороны.</p>
<p>12.4. Хабарламалар. Мұндай хабарламалар Сайтта немесе Мобильді қосымшада орналастырылатын жағдайда, Тараптар осы арқылы Банктің Клиентке берілген кез келген хабарламаларының тиісті түрде ресімделген және оларды Клиент алған болып есептелетіндігімен келіседі және растайды.</p>	<p>12.4. Уведомления. Стороны настоящим соглашаются и подтверждают, что любые уведомления от Банка Клиенту считаются оформленными надлежащим образом и полученными Клиентом, когда такие уведомления размещаются на Сайте или в Мобильном приложении.</p>
<p>12.5. Клиент Банктің оны қылмыстық әрекеттерге және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризм, алаяқтық, жемқорлық сияқты ақшаларды жылыстату және тағы басқа сұлбаларына тартудың алдын алу бойынша белсенді жұмыс істейтіндігін мойындайды және онымен келіседі. Банк жұмысының стандарттары Банктің беделін сақтау мен қорғауға, сонымен бірге клиенттердің Банкке деген сенімін сақтауға бағытталған. Осыған байланысты Банк өзінің қалауы бойынша Клиенттерге және Банк клиенттерінің жасайтын, кей уақыттарда өзгертілуі мүмкін мәмілелері мен операцияларына қатысты белгілі бір талаптарды белгілейді. Сонымен, Банк Банктің белгілі бір Клиенті немесе Банк Клиентінің мәмілесі немесе операциясы ерекше/күмәнді Клиенттер</p>	<p>12.5. Клиент признает и соглашается с тем, что Банк активно работает над предотвращением случаев вовлечения Банка в преступные действия и схемы по отмыванию денег, такие как легализация доходов, полученных преступным путем, терроризм, мошенничество, коррупция и т.д. Стандарты работы Банка направлены на сохранение и защиту репутации Банка, а также на то, чтобы вера Клиентов в добропорядочность Банка не была никоим образом подорвана. В связи с этим, Банк, по своему усмотрению, устанавливает определенные требования к Клиентам, сделкам и операциям, периодически изменяться. Так, Банком могут быть установлены критерии, по которым тот или иной Клиент либо та или иная сделка или операция</p>

және/немесе мәмілелер/операциялар санатына енгізілуі мүмкін санаттар белгілейді.	Клиента может быть отнесен (-а) к категории необычных/подозрительных Клиентов и/или сделок.
12.6. Жемқорлыққа қарсы түсініктеме:	12.6. Антикоррупционная оговорка:
12.6.1.Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары: а) қандай да бір заңға қайшы басымдықтар немесе басқа да заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттері немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тура немесе жанама түрде ақшалар немесе құндылықтар төлемейді, төлеуді ұсынбайды және олардың төленуіне рұқсат бермейді; б) Шарттың мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен пара беру/алу, коммерциялық сатып алу, жемқорлық ретінде жіктелетін әрекеттер орындамайды.	12.6.1. при исполнении своих обязательств по Договору, Стороны, их аффилированные лица, работники или посредники: а) не выплачивают, не предлагают выплатить и не разрешают выплату денег или ценностей, прямо или косвенно, любым лицам, для оказания влияния на действия или решения этих лиц с целью получить какие-либо неправомерные преимущества или иные неправомерные цели; б) не осуществляют действия, квалифицируемые применимым для целей Договора законодательством Республики Казахстан, как дача/получение взятки, коммерческий подкуп, коррупция;
12.6.2.Шарт Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен ынталандырудан, соның ішінде екінші Банкқызметкерін өзіне бағынышты ететін және Банк қызметкерінің Клиент пайдасына белгілі бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған ақшалар, сыйлықтар беру, олардың жұмыстарын (қызметтерін) тегін орындау арқылы және осы тармақта аталмаған басқа да кез келген әдістермен ынталандырудан бас тартады. Қызметкердің Клиент пайдасына жасалатын әрекеттер ретінде келесілер түсіндіріледі: а) басқа контрагенттермен салыстырғанда жөн басымдықтар беру; б) қандай да бір кепілдіктер ұсыну; в) тиісті процедураларды жеделдету; г) өзінің лауазымдық міндеттемелерінің аясында қызметкерлермен орындалатын, бірақ Тараптар арасындағы өзара арақатынастардың ашықтығы мен анықтығы қағидаттарына қарсы болатын басқа да іс-әрекеттер.	12.6.2. каждая из Сторон Договора отказывается от стимулирования каким-либо образом другой Стороны, в том числе путем предоставления денег, подарков, безвозмездного выполнения в их адрес работ (услуг) и другими, не перечисленными в настоящем пункте способами, ставящего работника Банка в определенную зависимость и направленного на обеспечение выполнения этим работником каких-либо действий в пользу Клиента. Под действиями работника, осуществляемыми в пользу Клиента, понимаются: а) предоставление неоправданных преимуществ по сравнению с другими контрагентами; б) предоставление каких-либо гарантий; в) ускорение существующих процедур; иные действия, выполняемые работником в рамках своих должностных обязанностей, но идущие вразрез с принципами прозрачности и открытости взаимоотношений между Сторонами.
12.7. Тараптардың Шартқа байланысты бір-біріне беретін ақпараты, сонымен қатар Шартты жасау айғағының өзі құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы немесе Шарттың талаптарымен өзге түрі қарастырылмаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жарияланбайды.	12.7. Любая информация, передаваемая Сторонами друг другу в связи с Договором, а также сам факт заключения Договора, являются конфиденциальной информацией и не могут быть разглашены третьим лицам без получения предварительного письменного согласия другой Стороны, если иное не вытекает из требований законодательства Республики Казахстан или условий Договора.
12.7.1.Банк Клиентке және Аударымға қатысты ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін өзінің тарапынан барлық қажетті шараларды қабылдайды;	12.7.1. Банк предпримет все зависящие от него меры для обеспечения конфиденциальности информации относительно Клиента и Перевода.
12.7.2.Құпиялылық Клиенттің кінәсінен бұзылса немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздерден бұрыннан белгілі болса немесе мәлім болып қалса, Банк жауапкершілік алмайды.	12.7.2. Банк не несет ответственности, если конфиденциальность была нарушена по вине Клиента или конфиденциальная информация была известна либо стала известна третьим лицам из иных источников.
12.7.3.Клиент осы арқылы Шарттың мақсаттары үшін Банктің онда бекітілген ақпарат жариялау деңгейін сақтау қажеттілігін белгілейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Банктің ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес кез келген ақпаратты жариялауды талап етуге құқылы екендігін, ал Клиенттің Банкке оның алғашқы талап	12.7.3. Клиент настоящим соглашается, что для целей Договора Банк вправе требовать раскрытия информации, в соответствии с положениями законодательства Республики Казахстан, внутренних документов Банка, устанавливающих необходимость соблюдения закрепленного в них уровня раскрытия информации, а Клиент обязуется предоставлять

<p>етуімен Шартта қарастырылғандай Банкпен белгіленген мерзімдерде және Банктің Шартпен қарастырылғандай құпиялылық шарттарын сақтауы арқылы кез келген ақпаратты ұсынуға міндетті екендігімен келіседі;</p>	<p>Банку, по его первому требованию, информацию в сроки, установленные Банком и с соблюдением Банком условий конфиденциальности, как предусмотрено Договором;</p>
<p>12.7.4. Клиент Банкті құпия негізде, Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз құпия түрде төмендегі үшінші тұлғаларға ақпараттар ұсынуға уәкілеттендіреді:</p> <p>а) Клиент Банк алдында міндеттемелерін бұзған, немесе Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарын бұзған жағдайларда Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің үлестес заңды тұлғаларына, уәкілетті мемлекеттік органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (соның ішінде алдын ала тексеру және/немесе тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік және/немесе мемлекеттік қауіпсіздік органдарына) олардың сұратуы бойынша, сондай-ақ Банк оларға Шарт бойынша талап ету құқықтарын табыстайтын кез келген жасалған өзге де шарттарға, соның ішінде әрекет етуін тоқтатқан шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес банктік құпияны, сондай-ақ коммерциялық құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беру;</p> <p>б) талдау сауалнамаларын жүзеге асыру, берешекті қайтару, кеңес беру, заң, аудиторлық және басқа да қызметтерді іске асыруды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғаларымен жалданған немес келешекте жалданатын кез келген үшінші тұлғаларға, ақша төлемі және/немесе аударымын жасауға қатысатын үшінші тұлғаларға (соның ішінде корреспондент банктерге, төлем карточкалары жүйелеріне және т.б.), аталған үшінші тұлғаларға Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғаларының алдында өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігін беру үшін, яғни Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама аясында өз қызметтерін жүзеге асыру үшін – Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Банк пен Клиенттің арасында бекітілген басқа да шарттарға, соның ішінде әрекет етуін тоқтатқан шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталғандай коммерциялық құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына тиісті түрде қызметтер көрсету үшін, демек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында өз қызметтерін жүзеге асыру мақсатында ақпарат беру;</p> <p>в) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына, соның ішінде АҚШ салық органдарына (IRS) және шетелдік салық агенттеріне Америка Құрама Штаттарының «Шетелдік шоттардың салықтық режимі туралы» Заңымен FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) анықталған талаптарды жүзеге асыруы үшін – Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Банк пен</p>	<p>12.7.4. Клиент безусловно, и безотзывно уполномочивает Банк на предоставление, на конфиденциальной основе, на основании Договора без какого-либо дополнительного согласия Клиента, следующим третьим лицам:</p> <p>а) юридическим лицам, являющимся крупными участниками Банка, аффилированным юридическим лицам Банка; уполномоченным государственным органам, судам, правоохранительным органам (в том числе, органам дознания и/или предварительного следствия, органам национальной и/или государственной безопасности) по их запросу, либо в случае нарушения Клиентом обязательств перед Банком, либо в случае нарушения Клиентом норм законодательства Республики Казахстан; любым третьим лицам, которым Банк уступает свои права требования по Договору, - всей и любой информации, имеющей отношение к Клиенту и/или Договору и/или иным договорам, заключенным между Банком и Клиентом, в том числе прекратившим свое действие, составляющей банковскую тайну, как определено законодательством Республики Казахстан, а также коммерческую или иную охраняемую законом тайну;</p> <p>б) любым третьим лицам, которые наняты или будут наняты в будущем Банком, акционерами Банка и/или аффилированными лицами Банка для осуществления аналитических опросов, оказания иных услуг, включая, но не ограничиваясь, услуги по возврату задолженности, консультационные, юридические, аудиторские и иные услуги, третьим лицам, участвующим в осуществлении платежа и/или перевода денег (в том числе, банкам-корреспондентам, системам платежных карточек и т.д.), для предоставления таким третьим лицам возможности исполнить свои обязательства перед Банком, акционерами Банка и/или аффилированными лицами Банка, а равно как для реализации своих функций в рамках законодательства Республики Казахстан, - всей и любой информации, имеющей отношение к Клиенту и/или Договору и/или иным договорам, заключенным между Банком и Клиентом, в том числе прекратившим свое действие, составляющей банковскую тайну, как определено законодательством Республики Казахстан, а также коммерческую или иную охраняемую законом тайну, которая необходима и достаточна для надлежащего оказания услуг Банку, акционерам Банка и/или аффилированным лицам Банка, а равно как для реализации своих функций в рамках законодательства Республики Казахстан;</p> <p>в) уполномоченным государственным органам Республики Казахстан, иностранным налоговым органам, в том числе налоговым органам США (IRS) и иностранным налоговым агентам, - всей и любой</p>

<p>Клиенттің арасында бекітілген басқа да шарттарға, соның ішінде әрекет етуін тоқтатқан шарттарға қатысы бар, Қолданыстағы заңнамамен анықталғандай банктік, сонымен қатар коммерциялық және/немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беру.</p> <p>Осы өкілеттіктер Банк, Банк акционерлері, Банктің үлестес тұлғалары осы үшінші тұлғалармен құпиялылықты әрбір нақты жағдайда рұқсат етілетін және қолжетімді мүмкіндіктегі дәрежеде сақтау туралы барлық қажетті келісімдерге келген жағдайда жарамды деп саналатын болады.</p>	<p>информации, имеющей отношение к Клиенту и/или Договору и/или иным договорам, заключенным между Банком и Клиентом, в том числе прекратившим свое действие, составляющей банковскую тайну, как определено действующим законодательством Республики Казахстан, а также коммерческую и/или иную охраняемую законом тайну, в целях реализации требований, определенных Законом Соединенных Штатов Америки «О налоговом режиме иностранных счетов» FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act).</p> <p>Настоящие полномочия являются действительными при условии, что Банком, акционерами Банка, аффилированными лицами Банка достигнуты все необходимые договоренности с такими третьими лицами о соблюдении конфиденциальности в той разумной степени, которая допустима и достижима в каждом конкретном случае.</p>
<p>12.8. Тақырыптар. Баптардың, бап атауларының орналасу тәртібі және Шарттағы басқа да тақырыптар қолайлылық үшін қолданылған және Шарттың қандай да бір ережелеріне қатысты қандай да бір шектеулер, сипаттамалар мен түсіндірмелерден тұрмайды.</p>	<p>12.8. Заголовки. Порядок расположения статей, названия статей и другие заголовки, содержащиеся в Договоре, использованы для удобства и не содержат каких-либо ограничений, характеристик или толкований каких-либо положений Договора.</p>
<p>12.9. Шарт орыс және қазақ тілдерінде жасалған. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері бір-біріне сәйкес келмейтін жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.</p>	<p>12.9. Договор составлен на русском и казахском языках. В случае несоответствия текстов Договора на казахском и русском языках, Стороны руководствуются текстом Договора на русском языке.</p>
<p>13. Банктің деректемелері</p>	<p>13. Реквизиты Банка</p>
<p>Толық атауы: «АТФБанк» Акционерлік қоғамы</p> <p>Қысқартылған атауы: «АТФБанк» АҚ</p> <p>Орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А25D5F7, Алматы қ. Медеу ауданы, Өл-Фараби дан, 36</p> <p>Пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 142 («Қайсар» Бизнес орталығы)</p> <p>«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дегі ЖСК: KZ87125KZT1001300216</p> <p>БСК: NBRKKZKX</p> <p>БСН: 951140000151</p>	<p>Полное наименование: Акционерное общество «АТФБанк»</p> <p>Сокращенное наименование: АО «АТФБанк»</p> <p>Адрес места нахождения: Республика Казахстан, А25D5F7, г. Алматы, Медеуский район, пр. Аль-Фараби, 36.</p> <p>Почтовый адрес: Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 142 (Бизнес-центр «Қайсар»)</p> <p>ИИК: KZ87125KZT1001300216 в РГУ «Национальный Банк Республики Казахстан»</p> <p>БИК: NBRKKZKX</p> <p>БИН: 951140000151</p>

<p style="text-align: center;">«Золотая Корона» төлем жүйесі аясында төлем карточкаларын пайдалана отырып аударымдарды жүзеге асыру туралы шартқа № 1 Қосымша</p> <p>Аударым жасау кезіндегі Төлемнің мөлшері төмендегіні құрайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Банктің инкорпорациясы елінің ішіндегі Аударым үшін: <ol style="list-style-type: none"> 1.1. 10 000 (он мың) теңгеден төмен немесе оған тең сомадағы Аударымды жіберу үшін төлем 100 (жүз) теңгені құрайды. 1.2. 10 000 (он мың) теңгеден астам, бірақ 30 000 (отыз мың) теңгеден төмен болатын Аударымды жіберу үшін төлем 200 (екі жүз) теңгені құрайды. 1.3. 30 000 (отыз мың) теңгеге тең немесе одан астам сомадағы Аударымды жіберу үшін төлем Аударым сомасынан 1 % (бір пайыз) құрайды. 2. Айырбастаумен бірге жүретін Аударымдар үшін – Төлем алынбайды. 	<p style="text-align: center;">Приложение № 1 к Договору об осуществлении перевода в рамках Платежной системы «Золотая Корона» с использованием платежных карточек</p> <p>Размер Платы при осуществлении Перевода составляет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. для переводов внутри страны инкорпорации Банка: <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Плата за отправку Перевода на сумму менее или равную 10 000 (десяти тысяч) тенге составляет 100 (сто) тенге. 1.2. Плата за отправку Перевода на сумму, превышающую 10 000 (десять тысяч) тенге, но менее 30 000 (тридцати тысяч) тенге, составляет 200 (двести) тенге. 1.3. Плата за отправку Перевода на сумму, равную или превышающую 30 000 (тридцать тысяч) тенге, составляет 1 % (один процент) от суммы Перевода. 2. для переводов с конвертацией – Плата не взимается.
--	---